



**ТҮРКІТІЛДЕС ЕЛДЕР ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ МИССИЯСЫ**  
**Президенттік сайлау, Өзбекстан Республикасы**  
**2021 жылғы 24 қазан**

---

**МӘЛІМДЕМЕ**

Өзбекстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының шақыруы бойынша Түркітілдес елдер Парламенттік Ассамблеясының (ТҮРКПА) Халықаралық бақылау миссиясы (*бұдан әрі – Миссия*) 2021 жылғы 24 қазанда Өзбекстан Республикасында өткен Президенттік сайлауға қысқа мерзімді мониторинг жүргізді. Миссия құрамына Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия парламенттерінің мүшелері, сондай-ақ ТҮРКПА Хатшылығының дипломатиялық қызметкерлері кірді (*Миссия тізімін қараңыз*).

Өзбекстан Республикасындағы Президенттік сайлау ең алдымен Конституциямен және Сайлау туралы кодекспен реттеледі (соңғы түзетулер 2021 жылы енгізілген). Нормативтік базаға Саяси партиялар туралы заң (соңғы түзетулер 2019 жылы енгізілген), Саяси партияларды қаржыландыру туралы заң, Қылмыстық кодекс және Әкімшілік жауапкершілік туралы кодекс (үшеуіне де соңғы түзету 2021 жылы енгізілген), Президенттің жарлықтары мен қаулылары да, сондай-ақ ОСК қаулылары кіреді. Өзбекстан демократиялық сайлауды өткізуге байланысты негізгі халықаралық және өңірлік құжаттардың қатысушысы болып табылады.

Сайлауды Орталық сайлау комиссиясы (ОСК), 14 аймақтық сайлау комиссиялары (АСК) және 10761 учаскелік сайлау комиссиялары (УСК) өткізеді. Елден тыс жерлерде дауыс беру Өзбекстанның дипломатиялық өкілдіктері жанынан құрылған 54 сайлау учаскесінде өткізілді.

Жалғасып жатқан COVID-19 пандемиясының аясында сайлау күні медициналық қызметкерлерді УСК тағайындау, сайлау учаскелерінде әлеуметтік алыстау, температураны тексеру және бетперде кию сияқты

қажетті сақтық шаралары жасалды. ОСК «Өзбекстан Республикасындағы Президенттік сайлау кезінде COVID-19 таралуын болдырмау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» қаулы шығарды.

Заңнама тек тіркелген саяси партияларға ғана ұсынуға мүмкіндік береді. Ұсынылған кандидатқа сайлаушылардың жалпы санының кемінде 1% қол қойып, қолдауы тиіс. ОСК саяси партиялардан Президенттік сайлауға қатысу үшін бес кандидатты, оның ішінде бір әйелді тіркеді. Сайлау заңнамасына сәйкес, егер кандидаттардың бірде-бірі бірінші турда жартысынан көп дауыс жинамаса, сайлау күнінен бастап бір ай ішінде ең көп дауыс жинаған екі кандидат арасында екінші тур өткізіледі.

Сайлау науқаны 20 қыркүйекте басталып, 22 қазанда аяқталды. Заңнама бұқаралық ақпарат құралдарынан барлық кандидаттар үшін тең жағдайларды қамтамасыз етуді талап ете отырып, сөз бостандығы мен ақпаратқа қол жеткізу құқығына кепілдік береді. Бәсекелестер мемлекеттік және жеке БАҚ-та қосымша эфир уақыты мен орнын ала алады. Бәсекелестер кең аудиторияға қол жеткізе отырып, науқанның әртүрлі құралдарын, соның ішінде әлеуметтік медианы қолданды.

Миссия өзінің бақылау бағдарламасы аясында Өзбекстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы Зайниддин Низамходжаев мырзамен, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлис Сенаты Төрағасының бірінші орынбасары Содик Сафоев мырзамен және Өзбекстан Республикасы Олий Мажлис Заң шығару палатасы Халықаралық істер және парламентаралық қатынас комитетінің төрайымы Дилором Файзиева ханыммен кездесулер өткізді. Осы кездесулер барысында Миссия мүшелері Президенттік сайлауға дайындық барысы туралы егжей-тегжейлі хабардар етілді.

Миссия саяси партиялардың лауазымды тұлғаларымен де кездесулер өткізді. Саяси партиялардың өкілдері бақылаушыларды сайлау платформалары, сайлау алдындағы кезеңдегі үгіт-насихат жұмыстары және Президенттік сайлаудан күткен үміттері туралы хабардар етті.

Дауыс беру күні ТҮРКПА бақылаушылары астанасы Ташкент пен Самарқанд қаласындағы бірқатар сайлау учаскелеріне барып, сайлау учаскелерінің ашылуынан бастап, дауыстарды санауға дейінгі барлық кезеңдерде дауыс беру процесін бақылап отырды. Миссия дауыс беру барысын қадағалап,

сайлаушылармен, сайлау учаскелерінің лауазымды тұлғаларымен және жергілікті бақылаушылармен жақыннан әңгімелесті.

Сайлау күні сайлау учаскелері таңғы 8:00-ден кешкі 20:00-ге дейін ашық болды. Дауыс беру жалпы тыныш жағдайда өтіп, ОСК алдын-ала мәліметтері бойынша сайлаушылардың белсенділігі шамамен болды 80,8%.

Сайлау Өзбекстан Республикасын дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бес басым бағыты бойынша іс-қимыл стратегиясын іске асыру аясында өтті. Миссия Өзбекстандағы сайлауға байланысты заңнамалық базадағы соңғы кезеңдегі елеулі өзгерістерді атап көрсетеді. Соңғы түзетулер науқанды қаржыландыруға, мемлекеттік ресурстарды мақсатсыз пайдалануға тыйым салуға, сайлау дауларын шешуге және басқа да техникалық аспектілерге қатысты болды. Миссия соңғы заңнамалық түзетулерді Өзбекстандағы сайлау процесінің демократиялық стандарттарын нығайту ретінде қарастырады.

Миссия сайлау процесінде жоғары технологияларды қолдануды оң бағалайды. Бұл тұрғыда Миссия, сонымен қатар, Сайлаушылардың бірыңғай электрондық тізімін әзірлеуді және қолдануды, сайлау учаскелерінде бейнебақылау камераларын орнатуды, ОСК веб-сайтында және Sailov-2021 арнайы веб-сайтында сайлау процесін жақсартуға ықпал ететін интерактивті қызметтерді көрсетеді. ОСК ақпараты бойынша Сайлаушылардың бірыңғай электрондық тізіміне 21,2 миллионнан астам сайлаушы енгізілген.

Миссия Президенттік сайлаудың тыныш жағдайда өткенін атап көрсетеді. Сайлауды басқару органдары ресурстармен жақсы қамтамасыз етіліп, сайлауды өткізуге кәсіби дайын болды. Осыған байланысты Миссия ОСК-ның сайлаушыларға Президенттік сайлау және төменгі деңгейдегі сайлау комиссиялары үшін тренингтер өткізу туралы жан-жақты және егжей-тегжейлі ақпарат беру жөніндегі жұмысын жоғары бағалайды.

Миссия сайлауды басқару органдарының мүмкіндігі шектеулі адамдарға қол жетімділікті кедергісіз қамтамасыз еткенін, сонымен бірге сайлау учаскелерінің көпшілігі мүмкіндігі шектеулі сайлаушылар үшін қол жетімді болғанын жоғары бағалайды. Миссия сайлау күні COVID-19 алдын-алу шараларына қатысты сайлау органдарының жақсы жұмысын оң бағалайды.

Заңнама сайлау процесінің барлық кезеңдерінде саяси партиялардың, азаматтардың өзін-өзі басқару органдарының және халықаралық

**ТҮРКПА Сайлауды бақылау миссиясы**  
**Президенттік сайлау, Өзбекстан Республикасы**  
**2021 жылғы 24 қазан**

---

бақылаушылардың бақылауын қарастырады. Осыған байланысты Миссия Өзбекстандағы Президенттік сайлауды халықаралық бақылау үшін қарастырылған құқықтық және материалдық-техникалық жағдайларды жоғары бағалайды. Миссия өз қызметінде ТҮРКПА-ның Сайлауды байқау туралы ережелеріне және тиісті халықаралық құжаттарға сәйкес объективтілік, әділдік, ашықтық және бейтараптық қағидаттарын басшылыққа алды.

Миссия 2021 жылғы 24 қазанда Өзбекстан Республикасындағы Президенттік сайлау Өзбекстанның ұлттық заңнамасына және сайлауды өткізудің халықаралық стандарттарына сәйкес өтті деген қорытындыға келді.